

**Бекітемін**  
**ЖШС «Айсана»** жекеменшік  
 балабақшасының меңгерушісі :  
 Кырманшина Д.С.



### ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы : ЖШС «Айсана» жекеменшік балабақшасы

Топ: « **Балапан** » кіші жас

Балалардың жасы: 2 жастан

Жоспардың құрылу кезеңі: 09.10 - 13.10.2023ж.

Педагогтың аты-жөні \_\_\_\_\_

Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
<b>Балаларды қабылдау</b>	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. <b>(сөйлеуді дамыту)</b>				
<b>Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу</b>	Әңгімелесу: "Баланың балабақшада өткен тақырыптары жайында ата-ананың хабардар болуының маңызы", "Балаға күз туралы қарапайым тақпақтарды жаттату және жаттығуларды жасату", "Баланың қандай жеміске не көгөніске аллергиясы бар?".				
<b>Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел</b>	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Ойын бұрыштарында	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Ойын бұрыштарында	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Ойын бұрыштарында	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Ойын бұрыштарында	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Табиғат

<b>үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)</b>	<p>әдемі себеттерге (қораптарға) жиналған жемістер мен көкөністердің бөлмеге сән беретінін түсіндіру; сөренің шаңын сұрту үлгісін көрсету.</p>	<p>әдемі себеттерге (қораптарға) жиналған жемістер мен көгөністердің бөлмеге сән беретінін түсіндіру; сөренің шаңын сұрту үлгісін көрсету.</p>	<p>әдемі себеттерге (қораптарға) жиналған жемістер мен көгөністердің бөлмеге сән беретінін түсіндіру; бананның нақпішініндегі шаңын ылғалды шүберекпен сұртудің қажеттілігін іс-тәжірибеде көрсету (банан жылтыр, таза).</p>	<p>әдемі себеттерге (қораптарға) жиналған жеміс-көгөністердің шаңын ылғалды шүберекпен сұрту үлгісін көрсету; ойыншықтардың бөлмеге сән беретінін түсіндіру.</p>	<p>бұрышындағы өсімдіктер тұрған ыдыстардағы топырақтың құрғақ болуына көңіл аудару; өсімдіктерді күтуде суарудың маңызын іс-тәжірибеде көрсету; адамдар жеміс ағаштарын күтсе, дәмді жемістердің өсетінін түсіндіру.</p>
	<p><b>Алманың нақпішіндерімен ойнату.</b> Мақсат-міндеттері. Балаларға тақпақты айтқызу арқылы алма туралы, пішіні дөңгелек заттар туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастыра бастау, тілін, жаттығуларды жасауда жағымды эмоцияларға</p>	<p><b>Қияр нақпішіндерімен ойнату.</b> Мақсат-міндеттері. Балаларға тақпақты айтқызу арқылы қияр туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастыра бастау; жаттығуларды жасау арқылы жағымды эмоцияларға бөленуге ынталандыру.</p>	<p><b>Сары банан нақпішіндерімен ойнату.</b> Мақсат-міндеттері. Балаларға тақпақты айтқызу арқылы банан туралы, пішіні сопақша заттар туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастыра бастау, тілін, жаттығуларды жасауда жағымды эмоцияларға</p>	<p><b>"Көгөністер"</b> дамытушы ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларға көгөністерді айтқызуға ынталандыру, нақпішіндерін қолмен сипату арқылы түйсігін дамыту, еске сақтауға баулу. Құралдар: көгөністердің</p>	<p><b>"Жемістер"</b> дамытушы ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларға жемістерді айтқызуға ынталандыру, нақпішіндерін сипату арқылы түйсігін, еске сақтауды дамыту. Құралдар: жемістердің нақпішіндері. Ал бау-бақшада жемістер,</p>

	<p>бөленуге ынталандыру.</p> <p>Қызыл алма дөңгелек,</p> <p>Алтын күн де дөңгелек,</p> <p>Басым менің дөңгелек,</p> <p>Добым ол да дөңгелек.</p> <p><b>(сенсорика, сөйлеуді дамыту)</b></p>	<p><i>Х. Ергалиев, М. Әлімбаев "Қияр" (орыс халқының тақпағы).</i></p> <p>Қияр, қияр, шет-тысқа</p> <p>Бара көрме, желігіп:</p> <p>Жеп қояды бір тышқан</p> <p>Құйрығыңды кеміріп.</p> <p><b>(сенсорика, сөйлеуді дамыту)</b></p>	<p>бөленуге ынталандыру.</p> <p>Құралдар:</p> <p>тақпақтағы заттардың нақпіндері немесе суреттері.</p> <p>Сары банан сопақша, Шұжық еті сопақша, Тәтті сәбіз сопақша, Таяқша да сопақша.</p> <p><b>(сенсорика, сөйлеуді дамыту)</b></p>	<p>нақпіндері.</p> <p>Міне, дәмді көгөністер,</p> <p>Күзге дейін пісіп өскен:</p> <p>Картоп, пияз, қызанақ,</p> <p>Қияр, орамжапырақ.</p> <p>- Тамаша!</p> <p>Жарайсыңдар!</p> <p><b>(сенсорика, сөйлеуді дамыту)</b></p>	<p>Қызарып, толып піскен:</p> <p>Алхоры, өрік, алма, Алмұрт, апельсин, құрма.</p> <p><b>(сенсорика, сөйлеуді дамыту)</b></p>
<b>Ертеңгілік жаттығу</b>	<p><b>(Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі)</b></p> <p>1–1 Балаларға қолды бастан жоғары көтеріп, қоянның құлағын жасау, қолдарын жоғары көтеріп, шапалақтау, бір мезгілде аяқтың ұшына көтерілу (3 рет қайталау).</p> <p>2. Бастапқы қалып: қолды төске қойып, қоянның кейпіне ену.</p> <p>2–1 оң иықты көтеру.</p> <p>2–2 бастапқы қалыпқа келу.</p> <p>2–3 сол иықты көтеру.</p> <p>2–4. бастапқы қалыпқа келу (3 рет қайталау).</p> <p>3. Бастапқы қалыпқа келу. Қолды кеуде тұсына қойып, қоян сияқты тұру.</p> <p>3–1– 3 рет секіру.</p> <p>3–2 – бастапқы қалыпқа келу.</p> <p>3–3– 3 рет секіру.</p> <p>3–4 бастапқы қалыпқа келу (2 рет қайталау). <b>(дене шынықтыру)</b></p>				
<b>Таңғы ас</b>	<p>Тамақтану рәсіміне қызығушылықты қатыптастыру. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту,</b></p>				

	<p><b>көркемсөзді қайталау)</b>  Алақай! Алақай!  Барамыз дастарқанға қарай.  Ботқамыз дәмді, аппақ,  Болмаймыз сатпақ.  Қасықпен алайық,  Асықпай асайық.  Д. Ахметова</p>				
<p><b>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</b></p>	<p>Балалардың жағымды көңіл күйлерін қалыптастыру. Ұйымдастырылған іс-әрекетіне жағымды эмоциялық ахуалда ауысу үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркемсөзді қайталау)</b>  "Біз шалқандай өстік".  Балаларды шоқайтып отырғызып, жаттығуды бастауға болады.  Біз шалқандай өстік (орындарынан тұру),  Күнге қолды создық (жоғары созылу).  Желге қолды бұлғадық (қолдарды бұлғау),  Қайта жерге отырдық (қайта отыру).  Д. Ахметова</p>				
<p><b>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</b></p>	<p><b>Дене шынықтыру.</b>  "Еңбектеп жеміс жинайық".  Мақсат-міндеттері.  Балаларға қатар қойылған заттардың арасымен еңбектеуді үйрету; еңбектеу жаттығуларын</p>	<p><b>Музыка</b>  "Әнұран жаттайық".  Мақсат-міндеттер.  Балаларды еліміздің Әнұранын ерекше эмоциялық сезімде қабылдауды және әннің сыр-сипатын ажыратуды үйрету;</p>	<p><b>Дене шынықтыру.</b>  "Құмырсқалар секілді еңбектенеміз".  Мақсат-міндеттері.  Балаларды қатар қойылған заттардың арасымен еңбектеуді қайталау; еңбектеу</p>	<p><b>Дене шынықтыру.</b>  "Еңбектейік, ерінбейік".  Мақсат-міндеттері.  Балаларды еңбектеу жаттығуларын жасауға қызығушылықтарын арттыру; қатар</p>	<p><b>Сурет салудан ойын-жаттығу.</b>  "Алма".  Мақсат-міндеттері.  Балаларды қылқаламды үш саусақпен ұстап, түгін бояуға малып, қағаз бетінің</p>

	<p>жасауға бейімділіктерін қалыптастыра отырып, еңбектеудегі дене қимыл ерекшеліктерін меңгерту. Заттардың арасымен еңбектеу қабілетін дамыту; еңбектеу техникасын үйреткенде жаңа қимылдармен таныстыру; балалардың тілдік қоры мен эмоциялық көңіл күйлерін дамыту. "Еңбектеп жеміс жинайық" ойыны. Мақсат-міндеттері. Заттардың арасымен еңбектеу және жинап алуды үйрету. Қимыл икемділігін дамыту. <b>(дене шынықтыру)</b></p>	<p>музыкалық-ырғақтық қимылдарды әуенмен үйлесімді жасай білуге жаттықтыру; музыкалық аспаптарды ажырата білу қабілетін қалыптастыру.</p>	<p>жаттығуларын жасауға бейімділіктерін қалыптастыру; еңбектегенле қимыл икемділіктерін меңгерту; заттардың арасымен еңбектеу қабілетін дамыту; жаңа қимылдарды қайталау; балалардың сөздік қоры мен эмоциялық көңіл күйлерін дамыту; балаларды шапшаңдыққа тәрбиелеу; қауіпсіздік техникасы мен тазалық ережелерін сақтауға баулу. "Жыландар" ойыны. Мақсат-міндеттері. Кедергілердің үстімен өрмелеп өтуді, қимыл ептілігін дамыту. <b>(дене шынықтыру)</b></p>	<p>қойылған заттар арасымен еңбектеуді қорытындылау; еңбектеудегі дене қимылы ерекшеліктерін, заттар арасымен еңбектеу қабілетін дамыту; балалардың сөздік қоры мен эмоциялық көңіл күйлерін дамыту; балаларды шапшаңдыққа тәрбиелеу. "Еңбектеп жеміс жинайық" ойыны. Мақсат-міндеттері. Заттардың арасымен еңбектеуді, қимыл ептілігін дамыту. <b>(дене шынықтыру)</b></p>	<p>ортасына ұшымен бір нүктеден бастап, шеңбер бойымен сызық жүргізіп, бастаған нүктеге жеткізіп, дөңгелек пішініндегі үлкен алманы салып шығуды үйрету; қылқаламмен салынып жатқан "сызықты" бақылап отыруға машықтау; сурет аяқталған соң қылқаламды тіреушеге тіреп қоюға жаттықтыру; алманың қызыл болып пісетіні туралы ұғымдар қалыптастыру. "Дананың сарқытынан ауыз тиейік". <b>(сурет салу)</b></p>
--	---	---	---	---	--

2- таңғы ас	Тағамның атауын еске сақтауды, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды. Ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркемсөзді қайталау)				
Серуенге дайындық	Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	<p><b>Сары жапырақтарды бақылау.</b> Мақсат-міндеттері. Балалардың көңілін сары жапырақтарға аудару, жапырақтардың жерге түсу құбылысын байқату; күз құбылыстары жөнінде ұғымдарды қалыптастыру; зейін, ойлау қабілетін дамыту. М. Әлімбаев "Ұшты талдан жапырақ". Ұшты талдан жапырақ Сары көбелек секілді. Аспанда жай шатырлап, Тамшы жерде</p>	<p><b>Көк аспанды бақылау.</b> Мақсат-міндеттері. Балаларға педагогке еліктеу арқылы, аспан мен ауаның қасиеттеріне жалпы қызығушылық тудыру. Аспанымыз көгілдір, Ауамыз мөп-мөлдір. Аспанды тамашалаймыз, Ауамен демаламыз. <b>Еңбекке баулу тапсырмалары:</b> балаларды гүлзарды қурап қалған жапырақтардан тазалауға шақыру. Мақсат-міндеттері. Балаларды қарапайым еңбек</p>	<p><b>Бұлтты аспанды бақылау.</b> Мақсат-міндеттері. Балаларға бұлтты күн райы туралы ұғымдар беру, аспанның түсі көгілдір емес, сұр екенін байқату, бұлттар сұрланып тұрса, жаңбыр жауатынын байқату. Жаңбыр жауса қалаға, Алыс жатқан ауылға, Су толады шалшыққа. Кім шыдайды суыққа? Там-там-там, Там-там-там, Соққылайды шатырға.</p>	<p><b>Желді бақылау.</b> Мақсат-міндеттері. Балаларға жапырақтарға қарап, желдің соққанын байқауды үйрету; байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу. Саябаққа күз келсе, Жел дамылсыз соғады. Тыным бермей ешкімге, Жұлқылайды бәрін де. Үзіп жатыр, Жұлып жатыр Барлық сары жапырақты. Д. Ахметова <b>Еңбекке баулу тапсырмалары:</b> балаларды ағаштан</p>	<p><b>Ағаштарды бақылау.</b> Мақсат-міндеттері. Балаларды қоршаған ортадағы ағаштармен таныстыру, ағаштардың сары жапырақтары желпілдеп, жайқалып жатқанын байқату; зейін, ойлау қабілеттерін дамыту. Жанымызда биік ағаштар, Бұталарында жапырақтар. Ағаштар тік тұрады, қозғалмайды, Жапырақтарымен бізге бұлғайды. - Балалар, қазір ағаштардың жапырақтарына не</p>

	<p>секірді. Балаларға көркемсөздер жолдарында бейнеленген жапырақтарды ағаштан көріп, жерге түсетінін байқауға қызықтыру. <b>Еңбекке баулу тапсырмалары:</b> балаларды ағаштан түсіп қалған жапырақтарды жинауға шақыру. Мақсат-міндеттері. Балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастарымен бірге әрекет етуге баулу. <b>"Бұршақтар" қимылды ойыны.</b> Мақсат-міндеттері. Балаларды бір топтасқан жерден</p>	<p>әрекеттерін жасауға машықтандыру; әсемдікке қызығушылықты арттыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. <b>"Сәбіз бақшада өскен" ойыны.</b> Мақсат-міндеттері. Балаларға педагогтің соңынан тақпақ сөздерін қайталап айтып, қимылына еліктеуді үйрету, жағымды эмоцияларды дамыту. Сәбіз бақшада өскен, (аяқтың ұшына тұру, қолдар жоғарыда) Жүйекте отыр, терең. (шоқайып отыру) Көрінбейді, тоқсары, (шоқайып отыру, алақандармен төбені жабу) Жер бетінде сабағы.</p>	<p>Там-там-там, Там-там-там. Кім шыдайды суыққа? Д. Ахметова <b>Еңбекке баулу тапсырмалары:</b> балаларды сұхбатхананы құрғақ жапырақтардан тазалауға шақыру. Мақсат-міндеттері. Балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. <b>"Күн мен жаңбыр" қимылды ойыны.</b> Мақсат-міндеттері. Балалардың "күн" және "жаңбыр" сигналды сөздер арқылы қимылдай білу қабілеттерін дамыту; жаңбыр</p>	<p>түсіп қалған құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру. Мақсат-міндеттері. Балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу. <b>"Бау-бақшаға барайық" қимылды ойыны.</b> Мақсат-міндеттері. Балаларды бір бағытта жүріп, бағыт бойынша бұрылып, айтылған сөздерге сай еліктеу қимылдарды жасауға ынталандыру. Педагог көркемсөздерді бастайды, балаларды өзімен бірге бағыттайды. - Бау-бақшаға</p>	<p>болды? - Иә, жапырақтар сарғайды, жерге түсті. - Күзде жеміс ағаштарынан піскен алманы жинаймыз. <b>Еңбекке баулу тапсырмалары:</b> балаларды ағаштан түсіп қалған жапырақтарды жинауға шақыру. Мақсат-міндеттері. Балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастарымен бірге әрекет етуге баулу. <b>"Алмалар шашылды" қимылды ойыны.</b> Мақсат-міндеттері. Балаларды көркемсөзге жағымды эмоциялық</p>
--	--	---	---	--	---

	<p>сигнал бойынша жан-жаққа шашырап жүгіру дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Табакта жатты бұршақтар, Барлығы бірдей, доп-домалақтар.</p> <p>Марғау бұршақтарды шашты, Бұршақтар жан-жаққа домалаңдап қашты.</p> <p><b>"Допты қағып ал" қимылды жаттығуы.</b></p> <p>Мақсат-міндеттері. Балаларға допты екі қолмен ұстауға жаттықтыру; тепе-теңдікті сақтауға, ептілікке баулу.</p> <p><b>(қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)</b></p>	<p>(қайта аяққа тұру) Еңкейіп, қане, жұлайық, (алға төмен еңкею)</p> <p>Жұлып-жұлып, отырайық. (басылып отыру, аяқтарды тік созу, маңдай терін сүрткен сияқты, қолмен қимыл жасау, демалу)</p> <p>Д. Ахметова</p> <p><b>"Тегіс жолмен жүреміз" ойын жаттығуы.</b></p> <p>Мақсат-міндеттері. Алға қарай жылжи отырып, екі аяқты қосып секіруге жаттықтыру.</p> <p>Далаға алып шығатын материалмен ойындар.</p> <p>Мақсат-міндеттері. Барлығы тату ойнауға, ойыншықтарын</p>	<p>құбылысы туралы білімдерін қалыптастыру.</p> <p>- Күн шықты – балалар ойнады.</p> <p>- Күн тығылды – жаңбыр жауды.</p> <p><b>"Әткеншек" қимылды ойыны.</b></p> <p>Мақсат-міндеттері. Балаларды шеңберге тұрып, тақпақ сөздеріне сай қимылдай білу қабілетін қалыптастыру.</p> <p>Бір жоғары, бір төмен, Күні бойы тербелем.</p> <p>Әткеншек-ау, Айнала бер бізбенен.</p> <p><b>(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)</b></p>	<p>барайық (сап түзеп, әндету), Жан-жаққа қарайық (қолды белге қойып, екі жаққа денемен бұрылу).</p> <p>Жұлып алып алманы (екі қолды жоғары созу, аяқ ұшына тұру), Қорапшаға салайық (отырып, қайта тұру).</p> <p>Д. Ахметова</p> <p><b>"Өз орныңды тап" қимылды ойыны.</b></p> <p>Мақсат-міндеттері. Балаларды сапқа (түзу сызық, жіптің бойымен) белгі бойынша тізілуге және жан-жаққа шашырап жүгіруге дағдыландыру; зейінді болуға, шапшаңдыққа, достыққа тәрбиелеу.</p> <p><b>(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді</b></p>	<p>жауап беруге және белгілі сөздерден кейін (сигнал тәрізді) жан-жаққа жүгіруге талпындыру; алманың жеміске жататынын, күзде пісетіні туралы ұғымдар қалыптастыру.</p> <p>- Балалар, күзде жеміс ағаштарында, бау-бақшада алмалар да піседі.</p> <p>- Қанекей, балалар, піскен алмаларды жинайық.</p> <p>Педагог балаларды өзімен бірге ертіп жүріп, бір бағытта жүргізіп, белгілі сигнал сөздерінен кейін балаларға жан-жаққа жүгіруді ұсынады, алма теруді көрсетеді, балалар еліктейді, тоқтап, шоқайып отырып,</p>
--	--	--	--	---	---



		бөлісуді үйрету. <b>(қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)</b>		<b>дамыту, дене шынықтыру)</b>	қайта тұрып, әрі қарай бағыттайды. Алма бақта көп алма, Қызыл алма, көк алма. Күз келді, тез жинаңдар, Кеш қалып қалмаңдар. Д. Ахметова <b>"Шеңберден шықпа" жаттығуы.</b> Мақсат-міндетері. Балаларды шеңберге тұрып, шеңбердің бойымен қимылдауға баулу; кеңістікті бағдарлауға, мұқияттылыққа, достыққа тәрбиелеу. <b>(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)</b>
<b>Серуеннен оралу</b>	Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</b>				
<b>Түскі ас</b>	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға				

	бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркемсөзді қайталау)</b>				
<b>Түскі ұйқы</b>	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай туғызу. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</b>	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйренеді. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. <b>(музыка)</b>	Өз төсек орнын тауып жатуды үйренеді. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. <b>(музыка)</b>	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйренеді. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. <b>"Әлди-әлди" әні (музыка)</b>	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. «Етікші» ертегісін оқып беру. <b>(көркем әдебиет)</b>
<b>Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары</b>	Ауа ванналары. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</b> Алғашқы мәдени-гигиеналық әрекеттерді жасауға қызықтыру. Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев "Мөлдір су" (орыс тілінен аударма). Мөлдір су, мөлдір су! Сен менің бетім жу. Отты көзім ойнасын, екі бетім жайнасын. Күлкі кетпей ернімнен, Тісім тастан таймасын!				
<b>Бесін ас</b>	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркемсөзді қайталау)</b>				
<b>Балалардың дербес әрекеті</b>	<b>Құрастырудан ойын-жаттығу.</b>	<b>"Пішіндер алқасы" дамытушы ойыны.</b>	<b>Қоршаған ортамен таныстырудан</b>	<b>Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу.</b>	<b>Музыкадан ойын-жаттығу.</b>

<p>(аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)</p>	<p>"Күздік алмаларға қорапша". Мақсат-міндеттері. Балаларға кірпіштен қорапша құрастыруды үйрету; кірпішті көлденең және қатар қоя білу қабілеттеріне дағдыландыру; педагогтің үлгісіне сай жемістерге қорапша жасауға жаттықтыру. Балаларды кірпіштің қасиеттері мен ерекшеліктерін қабылдау мүмкіндіктерін арттыру; қолдың ұсақ моторикасын, байқағыштығы мен зейінін, түйсіну қабілетін дамыту. "Жеміс пен көгөністерге қорапша" іс-тәжірибе жаттығуы.</p>	<p>Мақсат-міндеттері. Балаларды көрсетілген үлгіге қарап, геометриялық пішіндерден өздеріне сондай тізбекті құрастыруға ынталандыру; геометриялық пішіндер туралы ұғымдарды тиянақтау, есте сақтау қабілетін, көзбен қабылдау қабілеттерін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; өзі жасаған істің нәтижесіне қуануды үйрету. Педагог: - Балалар, қазір сендер мына тібекте пішіндер қалай орналасқанына қарап, өз кілемдеріне солай саласыңдар. Педагог әрбір балаға бөлек пішіндер</p>	<p><b>ойын-жаттығу</b> "Жапырақтар". Мақсат-міндеттері. Балалардың жапырақтар туралы түсініктерін кеңейте отырып, жаңа материалды қабылдау қабілетін, сөйлеу тілін, түйсігін дамыту. "Жапырақты жинайық" ойын рефлексиясы. Мақсат-міндеттері. Жапырақтарды себетке жинауды үйрету. Қимыл ептілігін дамыту. <b>"Жармадан қамыр илейік" дамытушы жаттығуы.</b> Мақсат-міндеттері. Балаларға жарма туралы алғашқы түсініктер беру; қолдың ұсақ моторикасын</p>	<p>"Шалқан" ертегісі". Мақсат-міндеттері. Балаларды "Шалқан" ертегісі желісімен таныстыра отырып, мазмұнына зейін қойып, мұқият тыңдауды үйрету; кейіпкерлердің сөздерін айтуға жаттықтыру; шалқан туралы жалпы мағлұматтар беру. Балалардың сөйлеу тілін, зейінін, қабылдау қабілеті мен есте сақтауын дамыту. "Не жасырдым?" жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Ертегі кейіпкерлерін көлеңкесінен тануды үйрету. Зейін, сөйлеу, ойлау қабілеттерін дамыту. <b>"Көгөністер" мультфильмін көру.</b></p>	<p>"Тұлпарым". Мақсат-міндеттері. Балаларға тұлпар туралы әнді танып, жағымды эмоционалды жауап беруге ынталандыру; музыкалық-ырғақтық қимылдарды әуенге сай үйлесімді жасай білу қабілеттерін жетілдіру.  <b>"Шарды үрлеп өсірейік" шеңбер ойыны.</b> Мақсат-міндеттері. Балаларды бірігіп шеңберді құру қабілетіне үйрету; шеңберде жүріп ойын сөздерін бірге айтуға ынталандыру; сөйлеу тілін, жаттығуда жағымды әсерлерді алу қабілетін дамыту. Педагог балаларды</p>
---	---	---	---	---	---

	<p>Мақсат-міндеттері. Кірпіштерден қорапшалар құрастыруды үйрету. <b>"Сәлем!"</b> <b>мультфильмін көру.</b> Мақсат-міндеттері. Балалардың эмоцияларын жетілдіру; ересек пен топтастар жанында жүріп, ортақ жағымды көңіл күйге бөленуіне мүмкіндік жасау. <b>(құрастыру, қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)</b></p>	<p>тізбегін ұсынады. Қызыл үшбұрыш + көк үшбұрыш + сары үшбұрыш + жасыл үшбұрыш. Қызыл домалақ + көк домалақ + сары домалақ + жасыл домалақ. Қызыл шаршы + көк шаршы + сары шаршы + жасыл шаршы. Педагог әр баланың орындау тәртібін бақылайды. <b>(құрастыру, сөйлеуді дамыту)</b></p>	<p>дамыту. Құралдар: шұңғыл пластик ыдыстарға егілген жармалар, сүлгілер, төсеніштер. - Балалар, қазір бір қолымызды мына ыдысқа салып, әжеміз сияқты қамыр илеп көреміз. Педагог балаларға қолдарын жармаға салып, баяу қимылдар арқылы жарманы саусақтармен араластыру қимылдарын жасау үлгісін көрсетеді. Балалардың жарманы алдарына төкпеуін қадағалау керек. <b>(қоршаған ортамен танысу, мүсіндеу, сөйлеуді дамыту)</b></p>	<p>Мақсат-міндеттері. Балалардың эмоцияларын жетілдіру; ересек пен топтастар жанында жүріп, көгөністерді ажыратып, жаттығуларды жасап, ортақ жағымды көңіл күйге бөленуіне мүмкіндік жасау.</p>	<p>жанына шақырады. Шарды үрлеп көрейік (шеңберге тұру, қол ұстасу), Қол ұстасып, жүрейік. Ортадан артқа, артқа Шегіндік. Енді тоқта! Үлкен қылып үрледік (тоқтау), - Пах! Шарымыз жарылды! (шапалақтап, сосын отыру) - Пшшшшшшшш... (отырып жатқанда дыбыстар шығару) Балалар педагог соңынан қимылдарды қайталап жүреді. "Пах" және "Пш" дегенді балаларға қайталатып айтқызу қажет. <b>(музыка, сөйлеуді дамыту)</b></p>
Балалармен жеке	Тақпақты мәнерлеп	Қияр	Қ. Мырза Әли	Д. Ахметова	Д. Ахметова

жұмыс	оқу. М. Әлімбаев "Ұшты талдан жапырақ". Ұшты талдан жапырақ Сары көбелек секілді. Аспанда жай шатырлап, Тамшы жерде секірді. <b>(сөйлеуді дамыту)</b>	<b>нақпіндерімен ойнату.</b> <i>Х. Ергалиев, М. Әлімбаев "Қияр" (орыс халқының тақпағы).</i> Қияр, қияр, шет-тысқа Бара көрме, желігіп: Жеп қояды бір тышқан Құйрығыңды кеміріп. <b>(сөйлеуді дамыту, сенсорика)</b>	<b>"Күз".</b> Шашақтанып жиегі Бұлт қабағын түйеді. Жоқ шалшықсыз, Балшықсыз Жердің сынық сүйемі. <b>(сөйлеуді дамыту)</b>	<b>"Жаңбыр".</b> Жаңбыр жауса қалаға, Алыс жатқан ауылға, Су толады шалшыққа. Кім шыдайды суыққа? Там-там-там, Там-там-там, Соққылайды шатырға. Там-там-там, Там-там-там. Кім шыдайды суыққа? <b>(сөйлеуді дамыту)</b>	<b>"Жолақша".</b> Алдымызда ұзынша, Жайылып тұр жолақша. Топ-топ басайық, Бірге жылдам барайық. Секіреміз оп-оп! Біз жүреміз топ боп. <b>(сөйлеуді дамыту)</b>
<b>Серуенге дайындық</b>	Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. <b>(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, қолдың ірі және ұсақ моторикасын дамыту)</b>				
<b>Серуен</b>	Апта тақырыбы бойынша ойындар, ауа райын бақылаулар. <b>(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, сенсорика)</b>				
<b>Серуеннен оралу</b>	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. <b>(дербес қимыл әрекеті)</b>				
<b>Кешкі ас</b>	Тағамның атауын есте сақтау, тамақтану рәсімін жақсы ниетпен қабылдауға бейімдеу. "Кешкі асты таза ішуді, әдепті бала болуды үйренеміз". <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар)</b>				
<b>Балалардың дербес</b>	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту,				

<p><b>әрекеті</b> <b>(аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)</b></p>	<p>кейіпкерлердің сөздерін қайталау. Қиылған суреттерді бір тұтасқа жинау ойындары (2-4 бөлік). Ұяшықтарға пішіндерді салу ойындары. Бауы байланатын ойыншықтармен ойындар. Мақсат-міндеттері. Қолдың ұсақ моторикасын, ойлау, зейін қабілеттерін дамыту. Ән салу жаттығулары: балабақша туралы ән салуға шақыру. <b>"Бұл кім?" ойыны.</b> Мақсат-міндеттері. Балаларды еліктеу арқылы тани білу, ойлау, елестету қабілеттерін дамыту; зеректікке, ұғымталдыққа тәрбиелеу. Балалар орындықта отырады. Педагог балалардан иттің қалай үретінін, мысықтың қалай мияулайтынын, сиырдың қалай мөңірейтінін, қарғаның қандай дыбыстар шығаратынын (көкек, торғай, көгершін, сауысқан) көрсетуді сұрайды. Балаларға мұны істеу қиын болса, ересектер көрсетеді. - Балалар, біз ойынды біраз өзгертейік. Балалардың бірі аңға немесе құсқа дауыспен ғана емес, өзіне тән қимылдармен еліктеп көрсетеді. Әдетте, қоянның қалай секіретінін көрсеткісі келетіндер көп болады. Бірақ барлық аң құстарды көрсетсін. Кім қоян болып ұзақ тұра алатынын және оны кім қоянға қатты ұқсай алатынын анықтау ғана қалады. <b>(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, қолдың ірі және ұсақ моторикасын дамыту)</b></p>
<p><b>Балалардың үйге қайтуы</b> (ата-аналарға кеңес)</p>	<p>Әңгімелесу: "Баланың балабақшада өткен тақырыптары жайында ата-ананың хабардар болуының маңызы", "Балаға күз туралы қарапайым тақпақтарды жаттату және жаттығуларды жасату", "Баланың қандай жеміске не көгөніске аллергиясы бар?"</p>